

<p>Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ студенттік жатақханаларына орналастыру және ішкі тәртібі туралы ереже</p>		<p>ҚР АШМ С. СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</p>
<p>СМЖ СЖОІТЕ 11010.29-2015 1 бет 17 беттен 2 нұсқа</p>		

Бекітемін



«С. Сейфуллин атындағы
ҚАТУ» АҚ Басқарма төрағасы
А.Қ. Күрішбаев

2015
(күні, айы, жылы)

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

**«С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАТУ» АҚ СТУДЕНТТІК
ЖАТАҚХАНАЛАРЫНА ОРНАЛАСТЫРУ ЖӘНЕ ІШКІ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ**


ЕРЕЖЕ

СМЖ СЖОІТЕ 11010.29 - 2015

Түпнұсқа дана
_____ көшірме

АСТАНА 2015

Санкциясыз құжаттың көшірмесін жасауға тыйым салынады.

Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ студенттік жатақханаларына орналастыру және ішкі тәртібі туралы ереже		ҚР АШМ С. СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
СМЖ СЖОПТЕ 11010.29-2015 2 бет 17 беттен 2 нұсқа		

Алғы сөз

1 ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗГЕН Тәрбие жұмысы жөніндегі департаменті мен сапа қызметі

ЖТ-ның төрағасы - пед. ғылымдарының докторы, профессор А.М. Әбдіров
ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, аты-жөні


2 БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ КҮШІНЕ ЕНДІ Басқарма төрағасының 20.08.2015
күнгі № 449-Н бұйрығымен
(құжатты бекіткен лауазымдық тұлға)
(ұйымдық-басқару құжатының бекіту күні мен нөмірі, атауы)

3 ӘЗІРЛЕУШІЛЕР : - Басқарма төрағасының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары – Ж. Құсайынова
ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, аты-жөні
- сапа қызметі бастығы – С. Алдабергенова
ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, аты-жөні
- сапа қызметінің маманы – Ә. Халық
ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, аты-жөні

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРІС МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРІС ЖИІЛІГІ


2020ж.
5 жыл

Осы құжат С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Басқарма төрағасының рұқсатынсыз, түгел және жартылай басып шығаруға, көбейтіп таратуға тыйым салынған

<p align="center">Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ студенттік жатақханаларына орналастыру және ішкі тәртібі туралы ереже</p>		<p align="center">ҚР АШМ С. СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</p>
<p align="center">СМЖ СЖОПЕ 11010.29-2015 3 бет 17 беттен 2 нұсқа</p>		

Мазмұны

1 Қолданылу аясы	4
2 Нормативтік сілтемелер	4
3 Анықтамалар	5
4 Белгілер мен қысқартулар	5
5 Жауапкершілік және өкілеттік	5
6 Жатақханаға орналастыру тәртібі	6
7 Жатақханадағы әкімшілік тәртіптің реттелуі	7
8 Жатақханада тұратын білім алушылардың міндеттері мен құқықтары	8
9 Өзгерістер	12
10 Келісу, сақтау, тарату	12
А қосымшасы Келісу парағы	14
Б қосымшасы Танысу парағы	15
В қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы	16
Г қосымшасы Кезеңді тексерісті есепке алу парағы	17

Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ студенттік жатақханаларына орналастыру және ішкі тәртібі туралы ереже		ҚР АШМ С. СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
СМЖ СЖОІТЕ 11010.29-2015 4 бет 17 беттен 2 нұсқа		

1 Қолданылу аясы

Осы «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ студенттік жатақханаларына орналастыру және ішкі тәртібі туралы ереже (одан әрі СЖОІТЕ) университет жатақханасында тұратын білім алушылардың міндеттері мен құқықтарын, ішкі тәртіпті және жатақханаға орналастыру жүйесін реттейді.

Университет жатақханасында тұратын білім алушылардың орналасу және ішкі тәртіп ережелері талаптарын сақтауын қадағалау университеттің тәрбие жұмыстары жөніндегі департамент директорына, факультет декандарына, жатақхана меңгерушілеріне, студенттік кеңестерге, түнгі администраторларға және университеттің күзет қызметіне жүктеледі.

Ереже С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің (одан әрі С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ) сапа менеджменті жүйесі құжаттамасының кешеніне кіреді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы ереженің сілтемелеріне келесі нормативтік құжаттар пайдаланылды:

2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

ҚР Азаматтық кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 269-ХІІІ ҚР Жоғарғы кеңесінің Қаулысымен күшіне енген.

«Қоғамдық мекемелер мен басқа тұрғын ғимараттарды қолдану және ұстауда Санитарлық –эпидемиологиялық талартар» Санитарлық ережелерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылдың 1 желтоқсанындағы № 1431 Қаулысы;

Басқарма төрағасымен 2012 жала 28 карашада бекітілген С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ студенттерінің Ар-намыс Кодексі;


27.06.2007 жылғы №27738-1901 «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ Жарғысы.

ХС ИСО 9000:2005 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер және сөздік.

ХС ИСО 9001:2008 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар.

СМЖ ҰС 1.1.01-2011 Сапа менеджменті жүйесі. Ұйым стандарты. Сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасын құру, баяндау және рәсімдеу тәртібі.

СМЖ ҚР 01-2015 Сапа менеджмент жүйесі. Құжатталған рәсім. Құжаттаманы басқару.

Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ студенттік жатақханаларына орналастыру және ішкі тәртібі туралы ереже		ҚР АШМ С. СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
СМЖ СЖОІТЕ 11010.29-2015 5 бет 17 беттен 2 нұсқа		

3 Анықтама

3.1 Осы ережеде ХС ИСО 9000 сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданады.

4 Белгілер және қысқартулар

Осы ережеде төмендегі белгілер мен қысқартулар қолданылады:

- С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ – С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті;
- СЖОІТЕ - «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ студенттік жатақханаларына орналастыру және ішкі тәртібі туралы ереже;
- ҰС – ұйым стандарты;
- ҚР – құжатталған рәсім;
- СБӨ – сапа басшылығының өкілі;
- ЖБ – жобаның басшысы;
- СҚ – сапа қызметі;
- СМЖ – сапа менеджмент жүйесі.

5 Жауапкершілік және өкілеттік

5.1 Осы СЖОІТЕ Басқарма төрағасы бекітеді.


5.2 Осы СЖОІТЕ дайындауға, сонымен бірге оның мазмұнына, құрылымына, ресімделуі, бекітілуі және енгізілуіне жауапкершілік пен өкілеттілік Басқарма төрағасының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарына жүктеледі. Рәсімдеуіне, келісуіне, бекітуіне және күшіне енгізуіне сапа қызметі (одан әрі СҚ) жауапты.

5.3 Осы «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ студенттік жатақханаларының ішкі тәртібі туралы ереже сапа басшылығының өкілімен (одан әрі СБӨ), Басқарма төрағасының тәрбие жұмысы жөніндегі департамент директорымен, жетекші заңгермен, сапа қызметінің бастығымен (одан әрі СҚ) келісіліп және «Келісу парағына» (А қосымшасы) рәсімделеді.

5.4 СЖОІТЕ жобасын түпкілікті редакциялау туралы шешімді СБӨ қабылдайды.

5.5 Жобалаушы бөлімше жобаны тіркеуге СҚ тапсырады. Бұл қызмет түпнұсқаны рәсімдеп, қажет қолдарын жинайды.

5.6 Ереженің бекітілуімен қатар сапа қызметі, осы ереже күшіне енгізілуіне

Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ студенттік жатақханаларына орналастыру және ішкі тәртібі туралы ереже		ҚР АШМ С. СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
СМЖ СЖОІТЕ 11010.29-2015 6 бет 17 беттен 2 нұсқа		

бұйрық дайындайды. Бұйрықты С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ Басқарма төрағасы бекітеді.

5.7 Бекітілген СЖОІТЕ қызметкерлерін таныстыруына бөлімшелердің бастықтары жауапты. Танысу туралы белгі «Танысу парағына» қойылады (Б қосымшасы).

6 Жатақханаға орналастыру тәртібі

6.1 Білім алушыларды жатақханаға орналастыру алдында арнайы құрылған комиссия жатақхананың (жалпы ғимараттың, бөлмелердің, қоғамдық орындардың техникалық қауіпсіздігін, тазалығын) студенттерді орналастыруға дайын екендігін тексереді және бұйрық негізінде рұқсат береді.

6.2 1-курс білім алушылары бұйрық бойынша университетке қабылданғаннан кейін ғана жатақханадан орын алуға құқылы.

Жатақханаға орналастыруда әлеуметтік жағдайы ескеріле отырып, мемлекеттік грант иегерлеріне басымдық беріледі (жетім, мүгедек, көп балалы отбасынан шыққан грант иегерлері).

Ақылы негізде білім алушылардың өтініштері мемлекеттік грант иегерлерінен кейін қарастырылады.

Жоғары курс студенттерінің өтініштері 1-курстан кейінгі кезекте қарастырылады.

Әр жаңа оқу жылында жатақханаға орналасуға рұқсат алатын жоғары курс білім алушыларының тізімі университеттің тұрғын-орын комиссиясымен (Басқарма төрағасының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарымен, тәрбие жұмыстары жөніндегі департамент директорымен, жатақхана меңгерушілері, факультет декандарымен және студенттік кеңес төрағаларымен) ағымдағы жылдың соңында 1 шілдеге дейін анықталады.

6.3 Білім алушы жатақханаға орналасу үшін тұрғын-орын комиссиясының рұқсатын алу керек.


Тұрғын-орын комиссиясы жатақханаға орналасуға рұқсат бергеннен кейін білім алушы жатақхана меңгерушісіне төмендегі құжаттарды тапсырады:

- Басқарма төрағасының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары және факультет деканының жатақханаға орналасуға рұқсат беруін растап қол қойған өтінішін;

- жеке куәлік көшірмесін;

- университеттің медициналық орталығынан тексерістен өткендігі жөнінде анықтамасын (флюорографиялық тексеріс қорытындысы міндетті түрде талап етіледі);

- жатақханада тұру ақысын және ғаламтор қызметі үшін белгіленген

Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ студенттік жатақханаларына орналастыру және ішкі тәртібі туралы ереже		ҚР АШМ С. СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
СМЖ СЖОПТЕ 11010.29-2015 7 бет 17 беттен 2 нұсқа		

төлемақыны төлегендігі туралы түбіртеккі;

- 3x4 фотосуретін (6 дана).

6.4 Жатақханаға орналасу кезінде білім алушы тұру ордерін, рұқсатнама карточкасын алады, төсек қажеттіліктерімен, тоңазытқыш, жиһаз және керек-жарақтармен, ғаламторға қосу құралдарымен қамтамасыз етіледі де, пайдалану барысында бөлмедегі әр білім алушы материалдық жағынан жауапты болады.

6.5 Жатақханаға төленетін тұру ақысы және ғаламтор байланысы үшін төлемақы университет бойынша шығарылған тиісті бұйрыққа (өкімге) сәйкес белгіленеді.

7 Жатақханадағы әкімшілік тәртіптің реттелуі

7.1 Жатақхана сағат таңғы 07.00-де ашылады және жазғы уақытта сағат 23.00-де, қысқы уақытта 22.00-де жабылады.

7.2 Жатақханадағы мәдени немесе басқа да іс-шаралар Басқарма төрағасының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, тәрбие жұмыстары жөніндегі департамент директоры, әр факультет декандарының және жатақхана меңгерушісі келісімімен өткізіледі.


7.3 Университет оқытушыларына өз лауазымдық міндеттерін орындауы үшін (кафедрада бекітілген кезекшілікті атқаруы үшін) жатақханаға кіруіне факультеттен жіберілген кезекшілік кестесіне сәйкес жеке куәліктерін көрсету арқылы рұқсат етіледі.

7.4 Университеттің күзет қызметкерлері, тәртіп сақшылары жатақханадағы тәртіп жағдайын жауапты тұлғалардың (жатақхана меңгерушісі, түнгі администратор, студенттік кеңес төрағасы) қатысуымен тексереді. Білім алушылардың бөлмелерін түнгі уақытта тексеру жатақханада тұрып жатқан тұлғалар тарапынан тәртіп бұзушылық орын алғанда немесе басқа да заңға қайшы әрекеттер болған жағдайда рұқсат етіледі.

7.5 Жатақханалар бойынша даулы мәселелер туындаған жағдайда Басқарма төрағасының бірінші орынбасары, алдын ала құрылған тұрғын-орын комиссиясы (құрамында Басқарма төрағасының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, Тәрбие жұмыстары жөніндегі департамент директоры, факультет декандары және жатақхана меңгерушілері, студенттік кеңес төрағасы, студенттік кәсіподақ комитетінің төрағасы бар) және түнгі администраторлардың қатысуымен шешім қабылданады және шешім жатақханада тұратын білім алушылар үшін орындалуға міндетті болып табылады.

Жатақханалардағы тұрғын-орын комиссия құрамы:

- 1 Төраға – Басқарма төрағасының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;
- 2 Төраға орынбасары – Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент директоры.

Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ студенттік жатақханаларына орналастыру және ішкі тәртібі туралы ереже		ҚР АШМ С. СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
СМЖ СЖОПТЕ 11010.29-2015 8 бет 17 беттен 2 нұсқа		

Комиссия мүшелері:

- 1 Факультет декандары;
- 2 Факультет декандарының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары;
- 3 Жатақхана меңгерушілері;
- 4 Студенттік кеңестің төрағалары немесе төрайымдары;
- 5 Студенттік кәсіподақ комитетінің төрағасы немесе төрайымы.

7.6 Білім алушы университеттің ішкі тәртіп ережесін, ар-намыс кодексінің талаптарын, жатақханада тұру ережелерін өрескел бұзса, студенттік кеңестің шешімімен 3 күн мерзім ішінде жатақханадан шығарылады және төлемақысы қайтарылмайды. Ал өз еркімен жатақханадан шықса, тұрмайтын уақыты есепке алынып, жатақханада тұру ақысы қайтарылады.

8 Жатақханада тұратын білім алушылардың міндеттері мен құқықтары

8.1 Жатақхананың әрбір тұрғыны ҚР ата заңына, оқу орнының Ішкі тәртіп ережесіне, С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ студентінің ар-намыс кодексіне, студенттік кеңес құрамына, бір-біріне құрметпен қарауға, қоғамдық-мәдени орындарда, оқу ғимаратында, жатақханада этикалық нормаларды, өзара сыйластықты, ұжымдық бірлікті сақтауға міндетті.

8.2 Жатақханаға орналасу кезінде білім алушылар құжаттарын сәйкесті түрде ресімдеуден өткізіп, өкімде бекітілген мерзімге сәйкес 3 күн ішінде жатақханаға орналасуға міндетті.

8.3 Жатақханада тұратын білім алушылар тұру ақысын және ғаламтор қызметін пайдаланғаны үшін төлемақыны белгіленген мөлшерде және уақытылы төлеуге міндетті. Көрсетілген төлемақылар уақытылы төленбеген жағдайда оған қатаң шара қолданылады.

8.4 Жатақханада тұрып жатқан білім алушылар электр энергиясы, суық және ыстық суды, жылу энергиясын үнемдеуге және барлық материалдық мүліктерді ұқыптап қолданып, сақтауға міндетті.


8.5 Кестеге сәйкес әр білім алушы қабаттағы кезекшілікті жүзеге асыруға және қоғамдық орындарда тазалық жұмыстарын жүргізуге міндетті.

8.6 Жатақханада тұратын әр білім алушы белгіленген сенбіліктерді өтеуге және университеттік, қалалық мәдени іс шараларға қатысуға міндетті.

8.7 Тұрып жатқан білім алушылар және қызмет көрсету персоналы өрт қауіпсіздігі ережесін білуге және оны бұлжытпай орындауға міндетті.

8.8 Білім алушы жатақхана мен тұрғын бөлмеде орналасқан мүліктердің сақталуын қамтамасыз ететін ережелерді орындауы керек.

8.9 Тұрып жатқан білім алушылар ұсынылған тұрмыстық және басқа да қызметтерді (кір жуатын машиналар, компьютерлік сыныптағы заттар,

<p align="center">Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ студенттік жатақханаларына орналастыру және ішкі тәртібі туралы ереже</p>		<p align="center">ҚР АШМ С. СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</p>
<p align="center">СМЖ СЖОПТЕ 11010.29-2015 9 бет 17 беттен 2 нұсқа</p>		

тоназытқышты), өз бетімен сабаққа дайындалу және ғаламторды пайдалану бөлмесін, жуынатын орындардың және спорттық бөлмелерді пайдалану ережесін сақтауға міндетті.

8.10 Жатақханада тұратын әрбір тұлға Ішкі тәртіп ережелерінің бұзылуын болдырмау жөніндегі студенттік кеңес өкілдерінің нұсқауын орындауға міндетті.

8.11 Өндірістік тәжірибеден өтуге жіберілген білім алушылар жатақхана меңгерушісіне факультеттен шығарылған өкімді тапсырып, уақытылы ескертуге міндетті.

8.12 Жатақханада тұратын білім алушылар сенбі, жексенбі күндері жатақханада болмаған жағдайда тіркелу журналына жазылып кетуге міндетті (баратын мекен-жайы, қай аралықта болмайтыны туралы ақпараттар жазылу керек), ал 5 күннен артық уақытқа кетсе, Басқарма төрағасының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары және факультет деканы қол қойған сұрану өтінішін тіркеуі керек.

8.13 Оқу жылы аяқталысымен білім алушы бөлмесіне жөндеу жұмыстарын жүргізуге және оны қабылдау-тапсыру кесімі бойынша комиссияға тапсыруға міндетті.

8.14 Білім алушылар университеттегі оқуы аяқталысымен жатақхананы үш күн мерзімде босатуға міндетті.


8.15 Жатақханада тұратын білім алушылардың жатақханадағы студенттік кеңестің құрамын сайлауға және оның құрамына сайлануға құқығы бар. Студенттік кеңес арқылы жатақханада тұратын білім алушылар тұрғын орнын, тұрмыстық жағдайын жетілдіруге және тәрбие жұмыстары мен бос уақыттарын тиімді пайдалануға, жетілдіруге қатысты ұсыныстар беруге, тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыруға қатыса алады.

8.16 Жатақханада тұратын білім алушылардың оқу және мәдени, тұрмыстық бағыттардағы үй-жайларды (компьютерлік сыныпты, жаттығу залын, кір жуатын, жуынатын бөлмелерді және т.б. орындарды) пайдалануға, бөлмедегі жабдықтар мен керек-жарақтарды, жиһаздарды, төсек қажеттіліктерін жедел түрде жөндеуді немесе оны ауыстыруды, онымен қоса тұрмыстық жақтан қамтамасыз етудегі кемшіліктерді жоюды талап етуге құқығы бар.

8.17 Жатақханада тұратын білім алушылардың әрқайсысы ішкі тәртіп ережелерді сақтауды талап етуге құқылы.

8.18 Жатақханада тұратын білім алушылар жатақхананың тұрғын орын, тұрмыстық жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

8.19 Университеттің ішкі тәртіп ережесін, С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ білім алушысының ар-намыс кодексін бұзбаған білім алушының келесі оқу жылында жатақханаға орналасуға айрықша құқығы бар.

Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ студенттік жатақханаларына орналастыру және ішкі тәртібі туралы ереже		ҚР АШМ С. СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
СМЖ СЖОПТЕ 11010.29-2015 10 бет 17 беттен 2 нұсқа		

8.20 Бірінші курсқа түскен білім алушылар жатақханадан төсек-орын алу үшін бірінші кезекте жайғасуға құқылы.

8.21 Түнгі уақытта жұмыс істейтін білім алушылар (ата-анасынан рұқсат бергенін растайтын қолхат, жұмыс орнынан анықтама тіркеген жағдайда) Басқарма төрағасының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары мен жатақхана меңгерушісінің рұқсатымен жатақханаға жұмыс кестесіне сәйкес кіруге құқығы бар.

8.22 Білім алушының ата-анасы жатақханаға қысқа мерзімге тек ерекше жағдайларда ғана жіберіледі.

8.23 Бөлме тазалығын реттеу үшін, әр бөлме тұрғындары кезекшілік кестесін жасауға міндетті, күнделікті тазалық бөлмедегі кезекшіден талап етіледі.

8.24 Білім алушы бөлмені кесім бойынша тапсырмай, өз бетінше кетіп қалса немесе бөлме, жиһаз, керек-жарақтар бойынша комиссия ескертуі бар болған жағдайда білім алушының жаңа оқу жылында жатақханаға орналасуға мүмкіндігі жоқ.

8.25 Білім алушының бөлмесінде бөгде тұлға заңға қайшы әрекеттер жасап, тәртіп бұзушылық фактілері анықталса және оны жасырып бүгіп қалған жағдайда жауапкершілік сол бөлменің барлық тұрғындарына жүктеледі.

8.26 Жатақханадағы ішкі тәртіп ережелерінің өрескел бұзылу фактілерін білім алушылар жасырған жағдайда ЖОО әкімшілігі оған оқудан шығаруға дейінгі шараны қолдануға мүмкіндігі бар.


8.27 Сағат 23.00-ден кейін жатақханада тыныштық бұзуға жол берілмейді. Себепсіз жүріске, ас бөлмедегі электр пештерін қолдануға тыйым салынады.

8.28 Түнгі 01.30-дан кейін бөлме тұрғындары жарықты сөндіріп, сабаққа дайындалу қажет болғанда, арнайы сабаққа дайындалу бөлмелеріне түсуге міндетті (аралық бақылау, сессия кезінде еркін кесте қарастырылады).

8.29 Егер білім алушы бойынан басқа білім алушының денсаулығына қауіп төндіретін жұқпалы ауру анықталса, ауырған білім алушы емделу үшін жатақхананы босатуы тиіс.

8.30 Өртке қарсы қауіпсіздік ережелері немесе электр құралдарын пайдалану нұсқаулықтарын сақтамаған, ережелерге жауапкершіліксіз қараған білім алушы жатақханадан шығарылады.

8.31 Жатақханадағы студенттік кеңес өзін-өзі басқару құқығына ие студенттік кеңес ішкі тәртіп ережесін бұзған білім алушыларға байланысты өз ұсыныстарын беріп, тәртіп бұзған жағдайда студенттік кеңестің отырыстарында шешім қабылдайды. Кей жағдайларда студенттік кеңес тәртіп бұзған білім алушыларға өз тараптарынан айыбын өтеу мақсатында және екінші мәрте қайталанбас үшін еңбекпен тәрбиелеу шараларын қолданады (тұратын

<p>Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ студенттік жатақханаларына орналастыру және ішкі тәртібі туралы ереже</p>		<p>ҚР АШМ С. СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</p>
<p>СМЖ СЖОІТЕ 11010.29- 2015 11 бет 17 беттен 2 нұсқа</p>		

жатақханада кезектен тыс кезекшілік жасау, жастар саясаты бұрышын жасау және тағы басқа заңға қарсы келмейтін іс-шаралар).

8.32 Білім алушы Ішкі тәртіп ережесін өрескел бұзған жағдайда (арақ-шарап ішіп ұсталса, жатақханаға арақ-шарап алып кірсе, шылым шексе, насыбай қолданса, кешкі уақыттарда жаз мезгілінде 23:00-ден кейін, ал қыс мезгілінде 22:00-ден кейін жатақхана жабылған соң, өз бетінше рұқсатсыз шығып кеткен жағдайда, үнемі кешігіп келген жағдайда, Студенттік кеңес құрамына, оқу ғимаратындағы, жатақханадағы жеке тұлғаларға балағаттау сөздер айтса, есірткімен айналысса, оқу ғимаратында, жатақханада төбелес ұйымдастырса, заңсыз діни ағымдарды уағыздаса, әкімдік рұқсат етпеген митингілер мен шеруге қатысса, басқа адамның өміріне қауіп төндіретін әрекет жасаса, құқық қорғау ұйымдарынан, оқу орнының әкімшілігінен заң бұзушылыққа қатысы бар дәлелденген ресми құжаттар келсе, бөгде адамды жатақханаға кіргізсе немесе соған қадам жасаса, түнгі 23.00-ден кейін басқа бөлмеде болса, жатақхана тұрғындарының өміріне қауіп төндіріп, өрт қауіпсіздігі ережесін бұзса, жатақхана мүлкіне қасақана зиян келтірсе) білім алушының ата-анасына хабарланып, шұғыл түрде жатақханадан шығару туралы шешім қабылданады. Бұл жағдайда білім алушы ата-ана жауапкершілігіне тапсырылып, бөлмесін 3 күндік мерзімнен кешіктірмей босатуы керек.

8.33 Ережемен толық танысқан, жатақхана тәртібі бойынша нұсқаулықтан, түсіндіру шараларынан өткен білім алушының атына 3 баяндау хат, тәртіп бұзу кесімі тіркелсе (ауызша ескерту, ескерту, сөгіс), жатақханадан шығарылады.

8.34 Жекелеген жағдайда жатақханадағы Ішкі тәртіп ережелерін бұзушыларға жазаны Тәрбие жұмысы жөніндегі кеңес қабылдайды.


8.35 Университеттің, жатақхананың ішкі тәртіп ережелерін, С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ білім алушысының ар-намыс кодексін өрескел бұзғанда, ар-намыс кодексіне сынақтауды тапсыра алмаған жағдайда немесе жатақханадан шығарылған білім алушыға жаңа оқу жылында жатақханадан орын берілмейді.

8.36 Жатақхана меңгерушілері, университеттің күзет қызметкерлері, тәртіп сақшылары, жатақхананың студенттік кеңестері университеттің студенттік жатақханаларындағы ішкі тәртіп ережелерін сақтау бойынша өз міндеттерін орындамаған жағдайда оларға түрлі жазалау шаралары қолданылады. Жатақхананың студенттік кеңес төрағасы, түнгі администраторы және кеңес мүшелері жатақханадан шығарылады.

8.37 Білім алушы жатақхана мен тұрғын бөлмеде орналасқан мүліктердің сақталуын қамтамасыз ететін ережелерді орындауы керек.

8.38 Жатақхана тұрғындарына қатаң тыйым салынады:

1 жатақханаға мас күйінде келуге, спирттік ішімдік ішуге және сақтауға;

Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ студенттік жатақханаларына орналастыру және ішкі тәртібі туралы ереже		ҚР АШМ С. СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
СМЖ СЖОПТЕ 11010.29- 2015 12 бет 17 беттен 2 нұсқа		

2 жатақханада, оқу ғимараттарында және университет аумағында темекі шегуге, насыбай қолдануға;

3 нормативке сай емес лексиканы (дөрекі сөздерді) қолдануына;

4 бөлмелерде және қоғамдық орындарда санитарлық тазалық ережелерін бұзуға;

5 тұрғын бөлме қабырғасында және ортақ пайдалану орындарында, егер ол университет мүлкіне залал келтіретін болса, сабақ кестесін, көшірме суреттерді, хабарландырулар және т.б. ілуге;

6 рұқсатсыз электр сымын қайта өңдеуге немесе жөндеуге, бөлме қабырғасына рұқсатсыз шеге қағуға (кейде электр тоғы өтетін сымдарға әсер етуі қаупі болғандықтан);

7 сағат 23:00-ден кейін білім алушылардың басқа бөлмелерде болуына;

8 өз бетінше бір бөлмеден екінші бөлмеге көшуге және жабдықтарды ауыстыруға, тұрғын жайда электр жылытқыш және басқа да өрт тудырушы құралдарды пайдалануға;

9 жатақханаға бөтен тұлғаны кіргізуге;

10 Өту қағазын бөгде тұлғаға беруге.

8.39 Жауапкершілік:

1 Жатақханада тұрып жатқандар өздеріне бекітілген мүліктер мен керек-жарақтарды сақтауға жауап береді және келтірілген шығынның нарықтық баға бойынша орнын толтыруға немесе ауыстыруға міндетті.

2 Қабаттағы кезекші кестеге сәйкес тазалықты реттеуге және материалдық құндылықтарды сақтауға, түрлі тәртіп бұзушылықты болдырмауға жауапты.

3 Жатақханадағы рұқсат арқылы кіру жүйесінің бұзылмауына үй-жай кезекшісі (вахтер) және жатақхана меңгерушісі жауапты.


4 Студенттік жатақханалардағы Ішкі тәртіп ережелерін орындау бойынша бақылау жүргізуді тәрбие ісі жөніндегі департаменттің директоры жүзеге асырады.

9 Өзгерістерді енгізу тәртібі

9.1 Осы ережеге өзгерістерді әзірлеу, рәсімдеу, келісу және бекіту, сонымен бірге оған өзгерістер енгізу ҚР СМЖ 01 – 2015 талаптарына сәйкес жүргізілуі керек және «Өзгерістерді тіркеу парағында» (Қосымша В) тіркеледі.

10 Сақтау және тарату

10.1 Ереженің көшірмелерін сақтау, көбейту және тарату СҚ–мен іске асырылады.

Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ студенттік жатақханаларына орналастыру және ішкі тәртібі туралы ереже		ҚР АШМ С. СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
СМЖ СЖОІТЕ 11010.29-2015 13 бет 17 беттен 2 нұсқа		

10.2 Осы ереженің көшірмелері «ARTA SYNERGY» электрондық құжат айналым жүесінде электрондық форматта тіркеледі және келесі бөлімшелерге таратылады: университеттің барлық басқармаларына және бөлімдеріне, факультеттің деканаттары мен кафедралары.

Сапа менеджменті жүйесі
«С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ
студенттік жатақханаларына
орналастыру және ішкі тәртібі туралы
ереже



ҚР АШМ
С. СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ
АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

СМЖ СЖОІТЕ 11010.29- 2015 17 бет 17 беттен 2 нұсқа

Қосымша Г (міндетті)

Ү.1.01-04

Кезеңді тексерісті есепке алу парағы

Тексерістің күні	Тексерісті өткізген тұлғаның аты-жөні	Тексерісті өткізген тұлғаның қолы	Ескертудің мазмұны
1	2	3	4